



ҚАЗАҚСТАН ӘЛЕМДІК СЦЕНОГРАФИЯ МЕН ТЕАТР КЕҢІСТІГІНДЕ («ПРАГАЛЫҚ КВАДРИЕННАЛЕ 2011, 2015» ТӘЖІРИБЕСІНДЕ)

МРНТИ 18.45.17

Бисембаева А. А.¹

¹Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясы,
(Алматы, Қазақстан)

ҚАЗАҚСТАН ӘЛЕМДІК СЦЕНОГРАФИЯ МЕН ТЕАТР КЕҢІСТІГІНДЕ («ПРАГАЛЫҚ КВАДРИЕННАЛЕ 2011, 2015» ТӘЖІРИБЕСІНДЕ)

Аңдатпа

Бұл мақалада Қазақстанның 2011-2015 жылдардағы «Прага квадриеннале» көрмелеріне қатысу барысындағы Т.Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА студенттерінің жинақтаған әлемдік сценографиялық тәжірибесі қарастырылады. Халықаралық жобаларға қатысу Қазақстан театр өнерін кәсіби дамытудың бір мүмкіндігі ретіндегі зерттеулер, инновациялар мен технологиялық білімдердің трансферті өзектенуде. Сонымен қатар, әлемдік фестивальдерден сахна кеңістігін меңгерудің жаңа тенденцияларын қабылдау және қолданудың Қазақстан театр-сахна өнеріндегі шешімдері мен өзгерістері бағамдалады. Осы орайда, соңғы он жыл арасындағы студенттердің халықаралық деңгейде «Этно-мәдени жады», «Геодистанция – Жер мен Аспанның байланысы» тақырыбындағы қатысқан жобаларын сценографиялық әдіснама тұрғысынан талдау қажеттілігі туындайды. Инсталляция мен перформанс модельдерінің театр-көркем айқындылық құралы ретіндегі болашағы мен Заманауи Қазақстандық мәдениеттің жаһандану әлеміндегі перспективаларын рефлексиялау маңыздылығымен негізделеді.

Түйін сөздер: театр, сценография, сценограф, Прага квадриеннале, фестиваль.

Кіріспе

Театр өнерін дәріптеу және қолдау мақсатында ұйымдастырылатын республикалық немесе халықаралық театр фестивальдерінің жиі ұйымдастырылуы әлем бойынша маңызды орын алады. Фестивальдер орындаушылардың шығармашылық

біліктілігін арттыруға, деңгейін асқақтатуға, білікті тәжірибе жинақтауына, кәсіби шеберлігін арттыруына, заман талабына сай өнерге өзгерістер енгізуіне ықпал етеді. Фестиваль – музыка, кино, театр, эстрада, цирк өнеріндегі жетістіктер мен белестерін көрсететін жаппай

ойын-сауық көрсетілімінің бір түрі. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» [1] жобасын жүзеге асыру мақсатында көптеген отандық театрлар белсене түрде қатысуда. Мұндай халықаралық деңгейдегі жобалардың қалыптасуы Қазақстан театр өнерінің жоғары дәрежеге жетуіне, сонымен қатар ұлттық және классикалық театр өнерінің шетелге танымал етуіне үлкен септігін тигізеді. Инновациялық жаңа информациялармен өзара алмасу мақсатында ұйымдастырылатын әлемдік фестивальдер көршілес елдердің театр мүшелерінің бір-бірімен қарым-қатынас орнатуына, бірлесе жобалар ұйымдастыруына бірден-бір ықпал етеді.

Бүгінгі таңда Қазақ театр өнерінің әлемдік бәсекелеске түсуі қуантарлық жағдай. Әлемдік фестивальдерге белсене қатысу отандық өнерді шетелде дәріптеуге септігін тигізеді, сонымен қатар театр өнерінде ат салысып жүрген тұлғалардың беделін арттыру мақсатында ғана емес, жас ұрпақтың қызығушылығын арттырып, тәжірибе жинақтауына, шығармашылық орындаушылықтың жоғары деңгейде көрсетілуіне бағыт-бағдар береді.

Әлемдік фестивальдердің елімізде өтуі және әлемдік, халықаралық деңгейдегі фестивальдердің үздіксіз өтуі, қай мемлекет болмасын ұлттық өнерді бағалап, дәріптеуіне, мемлекет арасында ынтымақтастық қарым-қатынас орнатуына бірден-бір септігін тигізеді. Елімізде өтетін театр фестивальдерін атап өтсек, саны жыл санап артып келеді, бұл Қазақ театр өнерінің жетістігі деп білеміз. Мысалы, М.Әуезов атындағы Қазақ Мемлекеттік академиялық драма

театрында дәстүрлі түрде өткізілетін «Театр көктемі» фестивалі (Алматы), «Қазақстан – Еуразия жүрегі» атты Орта Азия мемлекеттері театрларының халықаралық фестивалі (Талдықорған), Дүниежүзілік «Астана» театр фестивалі (Астана), «Откровение» атты фестиваль (Алматы), «Ортеке» атты Халықаралық қуыршақ театры фестивалі (Ақтөбе), Халықаралық «SAMGAU» театр фестивалі (Астана), Халықаралық «BALAUSA» театр фестивалі (Ақтөбе), сонымен қатар, Қазақ Ұлттық «Еңлік гүл» атты театр сыйлығы мен фестивалі (Алматы) және т.б. Әрине, Қазақстанда жыл сайын өтіп келетін театр фестивальдерінің тізімінің артуы, отандық өнердің дамуы мен үздік шығармашылық орындаушылықты талап етеді. Фестиваль барысында өткізілетін форумдар, лекциялар, шығармашылық кеңестер, мастер класстардың өткізілуі қатысушылар мен маман иелерінің білім алмасуына, білікті тәжірибе жинақтауына, шығармашылықтарына өзгеріс орнатуына ықпал ететін құрал.

Елімізде өтіп келетін театр фестивальдері, қуантарлық нәтиже, алайда, бүкіл әлемдік деңгейде өтетін фестивальдердің қанша дегенмен, орны бөлек. Жоғары деңгей, үздік қойылымдар, инновациялық біліктілік, заманауи жаңа шешімдер, жаңа көзқарас, күрделі талап, осының барлығы әлемдік деңгейдегі фестивальдердің маңыздылығы. Фестивальдердің Ресей немесе Еуропалық мемлекеттер төңірегінде өтуін салыстыра кетсек, Еуропаның беделі аса биік деп есептейміз. Осыған орай, Ресей елінде өтетін ең беделді театр фестивальдерінің тізімін айта кететін болсақ, олар: Ресей ұлттық театр сыйлығы және фестивалі «Алтын маска» атты жоғары деңгейдегі жоба, «Наурыз» атты түркі халықтарының

халықаралық театр фестивалі, «А.П. Чехов» атындағы Халықаралық театр фестивалі, «Ғажайып кулиса» фестивалі, «Балтиялық үй» Халықаралық театр өнері фестивалі, «Биеннале фестивалі», және т.б. Дегенмен де, бүкіл әлемдік фестивальдердің атқарар орны бөлек, мысалы, Еревандағы «High Fest» халықаралық фестивалі [2], Италия елінің Анкона қаласында өтетін «Биеннале Mediterranea 16 Young Artists» [3], Халықаралық Шекспир фестивалі, Францияның Авиньон қаласында өтетін «Festival D'Avignon» [4], Бельгия елінің Гент қаласында өтетін «Gentse Feesten» [5], Шотландия елінің Эдинбург қаласында өтетін «Edinburgh International Festival» [6], Чехия елінің Прага қаласында өтетін «Prague Quadrennial: PQ» [7], «Венециялық Биеннале» әр-бір екі жыл сайын Италия елінің Венеция қаласында өтетін әлемдік суретшілер көрмесі (инсталляция, перфоманс және т.б.) [8], «OISTAT» (International Organisation of Scenographers, Theatre Technicians and Theatre Architects) [9] Прага квадриеннале аясында өтетін халықаралық сценографтар, театр техниктері және театр архитекторларын қамтитын жоба тізімін атап кетсек болады.

Әлемдік фестивальдердің, атап айтқанда, «Прага Квадриеннале» фестивальдеріндегі сценографиялық тәжірибелер мен тенденциялардың Қазақстан сценографиясы мен студент мамандарды даярлаудағы рөлі бүгінгі күні өте маңызды. Бұл қазіргі «Рухани жаңғыру» [10], «Ұлы даланың жеті қыры» [11] мемлекеттік бағдарламалар тұрғысында дамудың технологияларымен байланысты. Чехия елінің астанасы Прага қаласында өтетін, төрт жыл сайын үздіксіз ұйымдастырылып келе жатқан, 70-ке жуық мемлекет қатысатын,

шет мемлекеттердің үздік жұмыстары талқыға салынатын әлемдік дәрежедегі үздік сценографтар жұмыстарының көрмесі.

Прагалық Квадриеннале «PQ» – сценография мен театр сәулет өнерінің халықаралық байқау көрмесі. Әлем бойынша ең ірі көрмелердің қатарына кіретін іс-шара. «Прага квадриеннале» көрмесі театр мәдениеті мен әлемнің барлық театр суретшілерінің кездесіп, тәжірибе алмасу мақсатында ұйымдастырылған сирек кездесетін мүмкіндік. Көрме сонымен қатар, сценографтар үшін жаңа театр үрдістерін ашуға, жаңа техникалық мүмкіндіктерді қарастыруға, семинарлар барысында жаңа тәсілдерді қолдануға мүмкіндіктер туғызады. Әр төрт жыл сайын үздіксіз ұйымдастырылып келе жатқан «Прага Квадриеннале 2015» жылғы көрменің басты тақырыбы – «Жалпы кеңістік. Саясат. Ауа-райы. Музыка» [7]. Ең ірі жобала талқыланатын мәселелер – семинарлар, симпозиумдар, көрмелер, оқу бағдарламалары және т.б. «PQ» көрмесінің аясында ұлттық көрмелік секциялар, костюмдер, театр сәулет өнері, перформанстар, сыни семинарлар, пікірсайыстар, конференция сияқты арнайы жобалар ұйымдастырылады. Сонымен қатар әр төрт жыл сайын фестивальдің тақырыптары өзгеріп тұрады: 2003 жылғы көрменің тақырыбы «PQ жүрегі» болса, 2007 жыл «Сценофест» деп аталды. 2011 жылғы көрме ең үздік заманауи сценографияға арналған (Сурет 1).

Квадриенналені өткізу мүмкіндігін Чехия сценография өнері мен әлемдік фестивальдерде үздік көрсеткішінің арқасында жетті. 1959 жылы Сан-Паулода өткен Биенналеде ең үздік шетелдік экспозиция номинациясы



Сурет 1 – PQ'03 жүрегі: «Қызыл Трактор» – Қазақстандық перформансшылар тобы. «Прага Квадриеннале» фестивалінде. 2003 ж.

бойынша алтын белгімен Франц Трестер марапатталды. 1961 жылы – Йозеф Свобода, 1963 жылы Иржи Трнка иемденді. Әлемдік деңгейдегі үш дүркін Биенналеде жеткен жетістіктерінің арқасында Прага бүкіләлемдік европалық сценографтар көрмесін әр төрт жыл сайын өткізу құқығын алды. Ең алғаш халықаралық көрме 1967 жылы «Прага Квадриеннале» атымен танымалдылыққа ие болды. Жыл санап «PQ» деңгейі артып келеді, қазіргі таңда 70 елден астам мемлекеттер белсенді түрде қатысуда. 1975 жылдың басты жаңалығы Квадриенналеге студенттік жұмыстар байқауы қосылды. Байқау жобасы маска, костюм, театрландырылған архитектура салаларынан тұрады.



Сурет 2 – «Алтын Трига» – «Прага Квадриеннале» фестивалінің бас жүлдесі. Криштоф Кинтера және Ричард Виснер, қола, 2011 ж.


Елу жыл аралығында «PQ» үздік халықаралық деңгейге көтерілді және

ең басты жүлде «Алтын Трига» (Сурет 2) атты үш асыл асау жылқының бейнесі бейнеленген статуэткасы, сценография өнеріндегі ең беделді әлемдік марапаттың бірі болып саналады.


«Прага Квадриеннале» 1967 жылда бастап әр төрт жыл сайын өткізу мақсатында кез келген саладағы мамандардың театр саласындағы өзгерістерді, даму деңгейінің дәрежесін бақылауға мүмкіншілік береді. 2009 жылдан бастап «Прага Квадриеннале» фестивалі аясында өтетін көрмелер, семинарлар, мастер-класстар, біліктілікті арттыру бағдармаларын өткізу, мамандар арасында қарым-қатынасты нығайту мен білім алмастыру мақсатында негізделген.

«PQ» – бұл әлемдік фестиваль, сценография өнеріндегі, жалпы театр өнеріндегі заманауи даму үрдісін бақылауға негізделген, халықаралық деңгейдегі ең беделді және мемлекеттер арасында белсенді қолдауға ие болған халықаралық көрме. Ең алғаш болып 2003 жылы еліміздің намысын қорғап, «Прага Квадриеннале» көрмесіне қатысып бағын сынаған, ұйымдастырушылардың пікіріне сүйенсек, фестивальге бір серпіліс берген Шымкенттік «Қызыл трактор» тобының, Молдағұл Нарымбетовтың жетекшілігімен қатысқан топ, ұлттық нұсқада өздерін көрсете білген, шаманизм бейнесінде қойылым (перформанс) үйлесімін тапқан топтардың бірі.

«Бейнелеу өнеріндегі «Contemporary art» қазіргі заман өнерінің феномені ретінде 90-жылдардан бастап өзін ерекше көркемдік бағыт ретінде танытты. Бұлар Рустам Халфин мен Георгий Трякин-Бухаров, Қанат Ибрагимов, Ерболсын Мелдібеков, Сергей Маслов, Ғалым Маданов,



Сурет 3 – «ArtBat Fest». «Қызыл трактор» тобының – Молдағұл Нарымбетов, Саид Атабеков, Арыстанбек Шалбаев сынды суретшілері. Алматы. 2011 ж.



Сурет 4 – Перформанс «Мас дәруіштер». «Қызыл Трактор» тобы. Вашингтон, АҚШ. 2005 жыл.

Шымкенттік «Қызыл трактор» тобының - Молдағұл Нарымбетов, Саид Атабеков, Алмагұл Меңлібаева, Смайыл Баялиев сынды суретшілері (Сурет 3).

Олардың шығармашылығы алғашында «қалыптасып кеткен бастауларды сынау» мен «тарих тәніндегі таңба» ретінде қарсы алынғанымен, қоғамдық санада белгілі бір өзгерістерді оятып, бүгінгі Қазақстан өнеріндегі мойындалған фактор - ол актуалды өнер екендігін дәлелдеді. Ол қоғамда диалог болу үшін қарама-қайшылықты ұстанымдардың да болуға тиіс екендігін анықтап, канондар туралы мәңгі еместігін белгілі бір деңгейде оған өзін дәлел ретінде көрсетті. «Ұлттық нұсқада өзін-өзі көрстетудің моделі ретінде пайда болған

бірқатар феномендерді атауға болады: «Қызыл трактор» тобының шамандық тәмсiл-акциялары бейнелерді саналы түрде архаизациялауға қарамастан, олардың әрекеттері көкейкесті, әрі пластикалық тұрғыдан қазіргі заманғы мәдени-философиялық ағыспен үйлесімділік тапты (Сурет 4).

Шымкент суретшілеріне жақын тұжырымда «Ғасырлар жаңғырығы» атты есімдері көп тарамаған музыкалық топ халықтық аспаптар оркестрінде ойнайтын музыканттармен еуропалық музыкаға дейінгі негіздерге оралу мақсатын қойды. Олар табиғи дыбыстар мен табиғат ырғақтарына құрылған суырып салма композицияларын орындауды көздеді» [12].

НӘТИЖЕЛЕР

Қазақстан студенттері үшін «Прага Квадриеннале» көрмесіне қатысу үлкен тәжірибе. Халықаралық фестивальдерде студенттердің белсенділік арттыруы, 70 мемлекет арасындағы мамандармен байланыс орнатуына, біліктілігін арттыруына, заманауи тенденцияларды игеруіне, шығармашылықтарында өзгерістер енгізуде батылырақ болуына үлкен септігін тигізеді. 2011 жылы өткен «Прага Квадриеннале» көрмесіне ең алғаш болып бағын сынағын Қазақстан студенттерінің арасында Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясының студенттері көш бастап тұр. Араға төрт жыл салып 2015 жылы «Прага Квадриеннале» көрмесінің «Жалпы кеңістік. Саясат. Ауа-райы. Музыка» атты тақырыбқа сәйкес студенттік секцияда Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясының 4 курс студенттері профес.ф.ғ.докторы Халықов Қ.З-ның жетекшілігімен «Геодистанция ҮҢГІРТАС – аспан мен жердің тоғысқан нүктесі» (Сурет 5) атты өздерінің концепцияларын ұсынды.



Сурет 5 – «Геодистанция ҮҢГІРТАС – аспан мен жердің тоғысқан нүктесі», студенттер жобасы.

Ұлттық нұсқада перформанс қойған алғашқы студенттік топтардың бірі. Үңгіртас – жер кіндігі деп бекер айтпаған халық. Алматы қаласынан 100 шақырым жерде орналасқан Үңгіртас деп аталатын қасиетті орын, жер қойнауының бірі

болып саналады.

Соңғы 7 жылда бұл өлкені көру үшін алыс-жақын шетелден келетіндер көбейген. Бұған академик Вячеслав Бронниковтың ғылыми зерттеуі де түрткі болғанға ұқсайды. Вячеслав Михайлович – Кеңес Одағы бойынша биоэнергетиканың негізін салушы ғалым. Арнайы құрылғылар арқылы тексеру барысында осы аймақтан жоғары энергетикалық қуат көзі анықталған. Өзге ғалымдар тобы бұл маңда жер астындағы анықталмаған металдың магниттік өрісі бар болуы мүмкін деген болжамын ұсынады. Қалай болғанда да, мәскеулік ғалымның биоэнергетикалық зерттеуінен кейін Үңгіртасқа келушілердің саны ұлғайған (Сурет 5). Тіпті, бұл маңды Жердің кіндігі деп атайтындар да жетерлік. Жер кіндігіне барып, ғарыштық байланысқа түсетіндігіне сенімді туристер ол өлкеге қатысты мифтерді тыңдауға дайын. Бір қызығы, бойды сенім билеген соң ба, ондағы тасқа жақындасаң, шынымен ыстық пен суық лептің қатар алмасып жатқанын сезінесің. Қазір ол үңір орналасқан аумақ қоршалған. Айдаһардың қанатына ұқсайтын таудан шығып тұрған үңгірдің қапталы көрген адамды өзіне еріксіз баурап аларлықтай әдемі [13].



Сурет 5 – Үңгіртас – жер кіндігі.

ДИСКУССИЯ

Перформанс қоюдағы басты

міндетіміз бұл аймақтың геокеңістігін игеру, «жер кіндігі» аталған жеріміздің аңыз-әңгімелеріне сүйеніп, жер мен көктің арасындағы қуат күшін сезіне отырып, сценографиялық дискурс құру.

«Прага Квадриеннале 2015» көрмесінің аясында өткен театрландырылған жобалар мен студенттік жұмыстар, орасан күрделі оперлық қойылымдардан бастап жас балаларға арналған жобалар, анатомиялық театрдан бастап асүйде өтетін драма және шағын бір көрерменге арналған театрландырылған жұмыстар (Сурет 6). Көрме аясында жаңа тың идеялары мен концепцияларымен таңғалдырған сценографтар аз емес, солардың қатарында театрландырылған видеоинсталляцияны қолданған сценограф Альфонса Флоресаның жобасы, *Le Grand Macabre* операсындағы Клавдия мүсіні, Баттерфляй костюмі (Каталония), Антигон маскасы (Швеция), Қытай, Хорватия, сонымен қатар ағылшын елдерінің жұмыстары өздерінің тапқырлығымен ерекше көзге түсті.

Шығармашылық шешімдерінің нақтылығымен, өнертапқыштылығымен таңғалдырған бірнеше мемлекеттердің жұмыстарын айта кетер болсақ, олар: миниатюралық әлем бейнесін мектеп шкафтарында орналастыруы (АҚШ), кішкентай жәшіктерде (Корея), кристалдарда (Испания), шыны банкаларда бейнеленген бейнелер студенттің жеке өмірінің сәттерінен үзінді секілді (Израиль), жабық пошта жәшіктерінде (Португалия), ашық кітаптарда (Бельгия) бейнелегендері ерекше болды. «PQ 2015» жалпы кеңістік тақырыбын игеруде сценографтардың сахна кеңістігін әуежай залына (Ұлыбритания),

автобус аялдамасына (Грузия), түрме торларына (Румыния), дүкенге, сыра зауытына, асүйге, кинозалға (Чехия) және он түрлі дәретханаларға, бір көрерменге арналған театрландырылған кабиналарға алмастыруы (Канада) келген көрермендер мен көпшілік мамандарды таңқалдырды.

Шығыс Еуропа елінің қатысушылары кішкене құралдармен қызықты жобалар жасай алатындығын дәлелдеді. Грузия елі кеңес үкіметін еске салатын автобус аялдамасын жасаған, ал Болгария елі – үмітсіз қашудың символы ретінде механизм, карусель ойластырған. Венгрия – «Прометейге арналған донор» жобасы (еріктінің ұсынысы бойынша берілген бауыр мүшесі); Эстония – «Біріккен Эстония жобасы» («NO 99» атты театрдың жалған қозғалысы және екі айда өзекті саяси күшке енуі жайында), «Мейерхольдтің түсі» (Ресей), режиссердің ұйқысы бейнеленген үлкен дененің бөлмеге сыймай орналасуы, сталиндік террор дәуірінің оған тар болғандығын бейнелегендей. Бөлмеде жайылған үлкен ақ мамық төсек көрерменді тынығып демалуына итермелейді, алайда жақындаған сәтте, кенеттен күшті пульсацияны сезінесіз, бұл үлкен қорқынышты тудырады [14].

ҚОРЫТЫНДЫ

1967 жылдан бастап «Прага Квадриеннале» театр кеңістігіндегі көптеген дизайн және архитектуралық жұмыстың соңғы үрдістерін ұсынып келеді. Сценографияны кең ауқымды қамтитын және бүкіл әлем мамандарын біріктіретін үлкен жоба, жеке шығармашылық орындаушылықтан бастап, костюм, жарық, дыбыс, дизайндағы жаңа тәсілдерді, перформанстар және т.б. толығымен қарастырады. Фестивальдің

маңызды бөлігі тікелей көрсетілімдер ұйымдастыруында, мыңдаған мамандар, студенттер және көрермендер пікірталастар ұйымдастырады, семинарлар мен лекцияға қатысады, жаңа қойылымдарды көріп, оны талқылайды. Фестиваль төңірегінде ұйымдастырылған барлық шаралар мамандар арасындағы қарым-қатынасты нығайта түседі.

«Прага Квадриеннале PQ 2015»-тің көркемдік концепциясы – сценография, ортақ кеңістік, адам арасындағы қарым-қатынасты қалыптастыратын, сонымен қатар әлеуметтік жауапкершілік пен қарым-қатынастың дамуына септігін тигізуші жоба.

Әлемдік фестивальдердің, атап айтқанда, «Прага Квадриеннале «фестивальдеріндегі сценографиялық тәжірибелер мен тенденциялардың Қазақстан сценографиясы мен студент мамандарды даярлаудағы рөлі бүгінгі күні өте маңызды. Ұлттық пластиканың «Прага Квадриеннале» көрмесіндегі кеңес дәуіріндегі театр суретшілерінің шығармашылығында, 2003 жылы «PQ жүрегі» болып табылған «Қызыл трактор тобы» перформанс мен инсталляциялары, Т.Қ Жүргенов атындағы ҚазҰӨА сценограф-студенттерінің пластиканы «этно-мәдени естелік» пен «геосценографиялық кеңістіктен» іздеу тұжырымдарының ортақ-пластикалық тәсілі табылды. Бұл қазіргі «Рухани жаңғыру», «Төртінші өндірістік революция» [10]. мемлекеттік бағдарламалар тұрғысында дамудың технологияларымен байланысты.

«Прага Квадриеннале» халықаралық театр көрмесі бүкіл әлем театрларын фантазия ұшқынымен және түрлі көркемдік бейнелерімен, дыбыс және эмоциясымен баурап алғандай. Қазіргі таңда бұл мүмкіндік ақиқаттан алыстап

фантастикалық театр әлеміне апаратын алтын көпір секілді, сонымен қатар, өмірдегі шынайылықты қойылымның бір көрінісі ретінде сынап және сырттай бақылауға болатындығын жеткізетіндей.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Егемен Қазақстан // <https://egemen.kz/article/zhandaghy-zamanau-qazaqstandyq-madeniet-zhobasy-qazaq-qoghamy-ushin-nesimen-manhyzdy> (10.12.2018 қарастырылды).
2. High Fest. Қарастырылды: <http://www.assitej-international.org/en/>
3. Биеннале Mediterranea 16 Young Artists // <http://www.biennialfoundation.org> (11.12.2018 қарастырылды).
4. Festival D'Avignon // <http://www.festival-avignon.com/en/> (11.12.2018 қарастырылды).
5. Gentse Feesten // <https://gentsefeesten.stad.gent/> (11.12.2018 қарастырылды).
6. Edinburgh International Festival // <https://www.eif.co.uk/> (11.12.2018 қарастырылды).
7. Prague Quadrennial: PQ // <https://www.pq.cz/> (11.12.2018 қарастырылды).
8. Венециялық Биеннале // <https://www.labiennale.org/> (11.12.2018 қарастырылды).
9. OISTAT (International Organisation of Scenographers) // <http://www.oistat.org/> (11.12.2018 қарастырылды).
10. Ақорда // http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy (11.12.2018 қарастырылды).
11. Ақорда // <http://www.akorda.kz/ru/events/statya-glavy-gosudarstva-sem-granei-velikoi-stepi> (19.12.2018 қарастырылды).
12. Халықов Қ. З. The problem of perception of a art production / Көркем өнердің қабылдану мәселесі // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2015. – №2. – С. 256 – 260.
13. Төлеу А. Тарихтың мөрі басылған әрбір тасында, Үңгіртас деген ауыл бар Қозыбасында!: http://old.baq.kz/kk/news/tarih/tarihtin_mori_basilgan_arbir_tasinda_ungirtas_degen_auil_bar_kozibasinda_20171113_100600 (10.12.2018 қарастырылды).
14. PQ - это праздник для всех поклонников театра, праздник, который захлестывает Прагу на 10 дней.: <https://pragasfera.com/quadriennale> (10.12.2018 қарастырылды).

Бисембаева А. А.

*Казахская Национальная Академия искусств имени Т. К. Жургенова
Алматы, Казахстан*

КАЗАХСТАН В МИРОВОЙ СЦЕНОГРАФИИ И В ТЕАТРАЛЬНОМ ПРОСТРАНСТВЕ (ПРАКТИКА «ПРАЖСКИХ КВАДРИЕННАЛЕ 2011, 2015»)

Аннотация.

В данной статье рассматривается накопленный опыт участия казахстанских студентов на международном фестивале сценографов «Пражское квадриеннале 2011, 2015» годы. Актуализуются исследования, посвященные участию в международных проектах в целях профессионального развития казахстанского театрального искусства - как возможность трансферта интеграции, инновации и технологических знаний. А также, решение принятия и применение новых тенденции проблемы освоения пространства на мировых фестивалях, в которой нуждается казахстанское театрально-сценическое искусство. Необходим анализ с точки зрения методологии сценографии студенческих проектов последних десятилетия «Этнокультурная память», «Геодистанция – точки соприкосновения Земли и Неба», перспективы развития инсталляции и перформансов как особых форм театрально-выразительных средств и ее рефлексии в мире глобализации современной казахстанской культуры.

Ключевые слова: театр, сценография, сценограф, Прага квадриеннале, фестиваль.

A. Bissembayeva

*T. K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts,
Almaty, Kazakhstan*

KAZAKHSTAN IN THE WORLD OF SCENOGRAPHY AND THEATRE SPACE (THE «PRAGUE QUADRENNIAL 2011, 2015»)

Abstract.

This article discusses the accumulated experience with the participation of Kazakhstani students at the international festival of stage designers «Prague Quadrennial 2011, 2015» years. Research focused on participation in international projects for the professional development of Kazakhstan's theatrical art is being updated as an opportunity for the transfer of integration, innovation and technological knowledge. And also, the decision to adopt and apply new trends in the development of space at world festivals, which is required by Kazakhstan's theater and stage art. The analysis from the point of view of the scenography design methodology of the student projects of the last decade «Ethnocultural memory», «GeoScenography — points of contact between Earth and Sky», prospects for the development of installation and performances as special forms of theatrical and expressive means and its reflection in the world of globalization of modern Kazakhstan culture are needed.

Keywords: theatre, scenography, scenographer, Prague Quadrennial, festival.

Сведения об авторе: Бисембаева Айдана Абаевна — магистрант 2-го курса Казахской национальной академии искусств им. Т.К. Жургенова, Алматы, Казахстан.
Email: aidow17.91@mail.ru

Автор туралы мәлімет: Бисембаева Айдана Абайқызы — Т.К. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы оқытушысы 2 курс магистрі, Алматы, Қазақстан.
Email: aidow17.91@mail.ru

Author's data: Aidana Bissembayeva — Master of II-nd year Student at the T. K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts. Almaty, Kazakhstan
Email: aidow17.91@mail.ru